



№63 (6350) Сенбі, 11 желтоқсан, 2021 жыл Газет 1940 жылғы 1 қарашадан бастап шығады

Құрметті Ұлытау ауданының тұрғындары!

Сіздерді барша арманымыздың асқары, бақытымыздың бастауы болған ұлық мереке – Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен шын жүректен құттықтаймыз!

Осыдан отыз жыл бұрын Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың саликалы саясатымен дүйім дүниеге Тәуелсіздігімізді жария етіп, Мәңгілік ел болудың бірегей қадамын жасадық. Ата-бабалар арманы ақиқатқа айналып, азаттыққа қолымыз жетті. Тарихи оқиғалар тоғысқан 16 желтоқсан – біз үшін қасиетті күн. 1991 жылы 16 желтоқсанда елдің жаңа тарихы басталған еді. Содан бері Қазақстан өсу мен өркендеу белестерін бағындырып, тарихи жеңістерге қол жеткізді.

Елмен бірге Ұлытау ауданы да даму жолымен жүріп келеді. Ауыл шаруашылығы мен кәсіпкерлік саласы қарқынды дамыды. Жаңадан құрылыс нысандары бой көтерді. Мектептер және балабақшалар, емханалар мен спорт нысандары ашылды. Тұрғын үйлер салынып, ел игілігіне берілді. Халықтың көші-қон үдерісі тұрақталып, әл-ауқаты жақсарды. Елді мекендердің келбеті жаңғыртылып, барлық деңгейдегі жолдар жаңарды. Абаттандыру бағытында игі шаралар атқарылды. Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт салаларында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді. Мемлекеттік бағдарламалар аясында көптеген жобалар жүзеге асырылды. Мұның барлығы ҰлтТәуелсіздігі мен бейбіт өмірдің арқасында орындалып отыр.

Ардақты ағайын!

Біз азат ел екенімізді, өткеніміздің өнегесін, келешегіміздің кемелдігін зор мақтанышпен айтамыз. Сондықтан да, бабаларымыздың асыл арманы болған Тәуелсіздікті қанша дәріптесек те артық емес.

Баршаңызды ұлық мереке – Тәуелсіздік күнімен құттықтаймыз!

Әр шаңыраққа шаттық пен бақыт, береке мен бірлік, дендеріңізге саулық, бастарыңызға амандық, еңбектеріңізге жеміс тілейміз!

Қазақ елінің Тәуелсіздігі ғұмырлы, Туы тұғырлы болсын!

Советбек МЕДЕБАЕВ,
Ұлытау ауданының өкімі.

Аманжол МЫРЗАБЕКОВ,
аудандық мәслихаттың хатшысы.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың мақаласы

ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҒЫЛЫМЫ

Қазақ Елінің Тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасып, дамуы, еңселі ел атануы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев тұлғасымен, 1991 жылғы Тәуелсіздік алу жайлы Конституциялық Заңымен тығыз байланысты. Дәл, осы жылы 1 желтоқсанда Қазақстанның Тұңғыш Президенті сайланды. Содан бастап Қазақстанның жаңа тарихы Елбасы есімімен қатар өрледі.


ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ



(Жалғасы 3, 4, 5-беттерде).

Сүйінші!

«ҰЛЫТАУ» ҰЛТТЫҚ ПАРКІ ҚҰРЫЛДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ тапсырмасы аясында Қазақстан Республикасы Үкіметінің №867 қаулысына сәйкес, «Ұлытау» ұлттық паркі құрылды.

Жағымды жаңалықты өзінің Фейсбук парақшасында Ұлытау ауданының бұрынғы әкімі, қазіргі Парламент Мәжілісінің депутаты Берік Әбдіғалиұлы

сүйіншіледі. Депутат хабарлағандай, ұлттық парктің жалпы аумағы 58,9 мың гектарды құрайды.

Оның негізгі мақсаты – ерекше экологиялық әрі

ғылыми құндылыққа ие мемлекеттік табиғи кешендердегі биологиялық және ландшафтық саналуандықты сақтау және қорғау.

Өз тілшімізден.

Баспасөз-2022

Ардақты ағайын! Қымбатты аймақ тұрғындары!

Аудан өмірінің айнасы, киелі өңір жаңалығының жаршысы – аудандық «Ұлытау» газетіне 2022 жылға жазылу жүргізілуде.

Өздеріңіздің төл басылымдарыңызбен алдағы жылы да бірге болуға асығыңыздар!

Жеке жазылушылар үшін:

1 жылға – 2800 теңге
6 айға – 1400 теңге

Мекемелер мен ұйымдар үшін:

1 жылға – 5600 теңге
6 айға – 2800 теңге

Осы орайда, қадірлі оқырман, газетті уақытылы жеткізу мақсатында, Сіздерден басылымға жазылу түбіртегін Ұлытау селосы, Абай көшесі, 22 үйде орналасқан жаңа мекен-жайымызға әкеліп, тіркетулеріңізді сұраймыз.

Аудан орталығынан тысқары жердегі оқырмандар осы мәселе бойынша мына телефонға хабарласқаны жөн: 8(777) 973-89-80 (whatsapp); Айгүл ИСАБАЕВА.